



БҰЙРЫҚ

ПРИКАЗ

21.08.2024 № 40-БҚ

Ақтау қаласы

№ _____

город Ақтау

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Табиғи монополияларды реттеу комитетінің Маңғыстау облысы бойынша департаментінің 2024 жылғы 06 мамырдағы №39-НҚ және 2024 жылғы 15 наурыздағы №24-НҚ бұйрықтарына өзгерістер енгізу туралы

«Табиғи монополиялар туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 8-бабы 10), 12) тармақшаларына, «Құқықтық актілер туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 65-бабы 3-тармағына және Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Табиғи монополияларды реттеу комитетінің Маңғыстау облысы бойынша департаментінің 2024 жылғы 19 тамыздағы №67-НҚ бұйрығын басшылыққа алып, **БҰЙЫРАМЫН:**

1. «МАЭК» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің 2024 жылға арналған жылу энергиясын өндіру және онымен жабдықтау, суды магистралды құбыржолдар арқылы беру (су өндіру) қызметтеріне тарифтері 2024 жылғы 01 қыркүйегінен бастап қолданысқа енгізіле отырып келесі өзгерістер енгізілсін:

- тұтынушылардың түпкілікті топтарын есепке алу аспаптарының болуына немесе болмауына байланысты жылу энергиясымен жабдықтау жөніндегі қызметтерге сараланған тарифтері осы бұйрықтың №6-4 қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

- соңғы тұтынушыларға дейінгі тарифтері осы бұйрықтың №7-4 қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Осы бұйрықтың 1-тармағы қолданысқа енгізіле отырып, Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Табиғи монополияларды реттеу комитетінің Маңғыстау облысы бойынша департаментінің 2024 жылғы 06 мамырдағы №39-НҚ және 2024 жылғы 15 наурыздағы №24-НҚ бұйрықтарының 1-тармағының №6-4 және №7-4 қосымшаларының қолдануы тоқтатылсын.


3. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Табиғи монополияларды реттеу комитетінің Маңғыстау облысы бойынша департаментінің Табиғи монополиялар және бағаларды реттеу бөлімі осы бұйрықты «МАЭК» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің назарына жеткізсін.

4. «МАЭК» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі «Табиғи монополиялар туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 22-бабының 8 тармағын орындау үшін, тарифті енгізу туралы оларды қолданысқа енгізгенге дейін күнтізбелік бес күннен кешіктірмей тұтынушылардың назарына жеткізсін.

5. Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Табиғи монополияларды реттеу комитеті Маңғыстау облысы бойынша Департамент басшысының орынбасары Л.Бимурзаға жүктеледі.

6. Осы бұйрық қол қойылған күннен бастан күшіне енеді.

Басшы



Ж. Салимов

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономикалық Министрлігі Табиғи Монополияларды реттеу және қорғау агенттігінің Материалдар бойынша Департаментінің 2024 жылғы 21-тамаздағы №70-НҚ Бұйрығына № 6 қосымша



2024 жылға сонғы тұтынушыларға дейін қолданылатын тарифтер

| № п/п | Қызмет атаулары | Тұтынушылар | Өлшем бірлігі | "МАЗК-Қазатомөнеркәсіп" ЖШС-нің тарифі | "Қаспий жылы су арнасы" МКҚ-ның тарифі | нормативтік техникалық ысырап | Сонғы тұтынушыларға дейін қолданылатын тарифтер (ҚКС-сыз) |
|-------|----------------------------------|--|---------------|--|--|-------------------------------|---|
| 1 | Жылы энергиясымен қамтамасыз ету | Орташа тариф | теңге/Гкал | 2857,96 | 1127,5 | 244,32 | 4229,78 |
| | | Тұтынушылар үшін орташа тариф | теңге/Гкал | 2045,68 | 1127,5 | 244,32 | 3417,5 |
| 2 | Ауыз сумен қамтамасыз ету | Үйге ортақ есептеу аспаптарын орнатуға техникалық мүмкіндігі жоқ тозған, авариялық тұрғын-үй жайында, барак типтегі үйлерде тұратын және орналасқан тұтынушылар үшін жылы энергиясымен жабдықтау жөніндегі қызметтеріне орташа тариф | теңге/Гкал | 2045,68 | 1127,5 | 244,32 | 3417,5 |
| | | Занды тұтынушылар үшін орташа тариф | теңге/Гкал | 4865,28 | 1127,5 | 244,32 | 6237,1 |
| | | Бюджеттік ұйымдар үшін орташа тариф | теңге/Гкал | 5337,97 | 1127,5 | 244,32 | 6709,79 |
| | | Орташа тариф | теңге/м3 | 350,05 | 130,48 | | 480,53 |
| | | Тұрғындар үшін | теңге/м3 | 202 | 130,48 | | 332,48 |
| | | Занды тұтынушылар үшін | теңге/м3 | 450,97 | 130,48 | | 581,45 |
| | | Бюджеттік ұйымдар үшін | теңге/м3 | 483,66 | 130,48 | | 614,14 |
| | | Орташа тариф | теңге/м3 | 73,1 | 65,67 | | 138,77 |
| | | Тұрғындар үшін | теңге/м3 | 43 | 65,67 | | 108,67 |
| | | Занды тұтынушылар үшін | теңге/м3 | 110,15 | 65,67 | | 175,82 |
| 3 | Техникалық сумен қамтамасыз ету | Бюджеттік ұйымдар үшін | теңге/м3 | 118,87 | 65,67 | | 184,54 |
| | | Орташа тариф | теңге/м3 | 109,84 | 165,10 | | 274,94 |
| | | Тұрғындар үшін | теңге/м3 | 86,25 | 165,10 | | 251,35 |
| | | Занды тұтынушылар үшін | теңге/м3 | 167,59 | 165,10 | | 332,69 |
| 4 | Білімдік сумен қамтамасыз ету | Бюджеттік ұйымдар үшін | теңге/м3 | 186,73 | 165,10 | | 351,83 |